

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 шілдедегі № 08 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 тамызда № 4213 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 27.12.2019 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 151 ұсынысы негізінде Көздіғара ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көздіғара ауылдық округіне қарасты Қоныстану ауылы аумағының мүйізді ұсақ қара малдарынан бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Қызылқоға аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі:

Б. Қабесов

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бас дәрігері
"27" шілде 2018 жыл

С. Тайшыбай

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Қызылқоға аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысы
"27" шілде 2018 жыл

А.Б. Аймуратова